«Жастар» Сарайы» МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

.

1. Кіріспе

Осы талдамалық анықтама Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №488 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» Сарайы» МКҚК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау туралы Директордың 2026 жылғы 16 шілдедегі №03-01/85 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін Директордың 2026 жылғы 16 шілдедегі №03-01/84 бұйрығымен жұмыс тобы құрылды.

Ішкі талдау мерзімі: **2026 жылғы 17 шілде мен 19 тамыз аралығы**.

Талдаумен қамтылған кезең: **2025 жылғы мамыр – 2026 жылғы мамыр аралығы**.

Ішкі талдау жұмыс тобы құрамында жүргізілді.

Ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау 2026 жылғы **24–27 тамыз** аралығында өткізілді.

Ішкі талдау жүргізудің мақсаты – «Жастар» Сарайы» қызметінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал етуі мүмкін себептер мен жағдайларды анықтау, оларды жою жөніндегі шараларды әзірлеу, сондай-ақ ұйым қызметінің ашықтығын, заңдылығын және тиімділігін қамтамасыз ету.

2. Талдау объектісі туралы жалпы ақпарат

Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» Сарайы» МКҚК мәдениет саласында қызметін жүзеге асыратын коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын болып табылады.

Оның негізгі қызмет бағыттары:

- концерттік қызметті ұйымдастыру;
- мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу;
- шығармашылық ұжымдардың қызметін үйлестіру;
- мәдениет пен спортты дамыту.

«Жастар» Сарайы қызметіне жалпы басшылықты Директор **Қ. Кәрімханов** жүзеге асырады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциялары комплаенс-офицер **Қ. Ағайдаровқа** жүктелген.

3. Қолданыстағы құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Ішкі талдау барысында «Жастар» Сарайы қызметін реттейтін қолданыстағы құқықтық актілер, ішкі нормативтік және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар зерделенді.

Атап айтқанда:

- кәсіпорын Жарғысы;
- ішкі нормативтік құжаттар;
- лауазымдық нұсқаулықтар;
- кадрлық рәсімдерді реттейтін құжаттар;
- мемлекеттік сатып алу және шарттық жұмысты реттейтін құжаттар қаралды.

Талдау барысында:

- құқықтық олқылықтар;
- құқықтық қайшылықтар;
- дискрециялық өкілеттіктердің негізсіз кеңдігі;
- артық әкімшілік кедергілер;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын өзге де факторлар анықталған жоқ.

Қолданыстағы құқықтық және ішкі ұйымдастырушылық құжаттар қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келеді.

4. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Ішкі талдау барысында ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінің негізгі бағыттары зерделенді.

Атап айтқанда:

- персоналды басқару;
- қаржы қаражатын жоспарлау және игеру;
- мемлекеттік сатып алу рәсімдері;
- шарттық міндеттемелерді орындау;
- концерттік және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру;
- мүлікті басқару және пайдалану мәселелері қаралды.

4.1 Персоналды басқару

Кадрларды іріктеу, орналастыру, ауыстыру, көтермелеу және тәртіптік жауапкершілікке тарту рәсімдері талданды.

Талдау нәтижесінде:

- негізсіз тағайындаулар;
- қызметтік артықшылықтар беру;
- кадрлық шешімдер қабылдау кезіндегі субъективтілік белгілері анықталған жоқ.

4.2 Мемлекеттік сатып алу және шарттық міндеттемелер

Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамада қаралған Мемлекеттік сатып алу рәсімдері, шарттар жасасу және олардың орындалуы зерделенді.

Талдау барысында:

- сатып алу рәсімдерінің ашықтығы;
- бәсекелестік қағидаттарының сақталуы;

- тиісті заңдарды
- шарттық міндеттемелердің орындалуына бақылау қаралды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

4.3 Қаржы қаражатын игеру

Қаржы қаражатын жоспарлау, игеру және пайдалану процестері талданды.

Талдау нәтижесінде:

- қаражатты мақсатсыз пайдалану;
- негізсіз төлемдер;
- Комплаенс назарында қаржылық тәртіпті бұзу фактілері анықталған жоқ

4.4 Концерттік және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру

«Жастар» Сарайының негізгі қызмет бағыттарының бірі ретінде концерттік және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру процестері зерделенді. Талдау барысында:

- ашықтық;
- ішкі бақылау;
- рәсімдердің сақталуы бағаланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

5. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Ішкі талдау барысында қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделер мен қызметтік өкілеттіктер арасындағы ықтимал қайшылықтардың туындау тәуекелдері бағаланды.

Талдау барысында:

- мүдделер қақтығысын тудыратын жағдайлар;
- аффилиирленген тұлғалармен ықтимал байланыстар;
- қызметтік өкілеттіктерді жеке мүдде үшін пайдалану тәуекелдері зерделенді.

Талдау қорытындысы бойынша нақты мүдделер қақтығысы жағдайлары анықталған жоқ. Мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу бойынша ішкі бақылау тетіктері тұрақты негізде жүзеге асырылуда.

6. Басқа да өзекті мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Ішкі талдау барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жұмысы, ішкі бақылау тетіктері, ақпараттың ашықтығы мен жариялылығы зерделенді.

Бағалау барысында:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ішкі бақылау;
- профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуі;
- түсіндіру жұмыстары;
- ақпараттық ашықтық деңгейі қаралды.

Талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын жүйелі факторлар анықталған жоқ. «Жастар» Сарайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бақылау және профилактикалық жұмыс тиісті деңгейде ұйымдастырылған.

7. Қорытынды

Астана қаласы әкімдігінің ««Жастар» Сарайы» МКҚК қызметіне жүргізілген ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау қорытындысы бойынша ұйым қызметіндегі құқықтық және ұйымдастырушылық-басқарушылық процестер қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Ішкі талдау нәтижесінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталған жоқ. Сондай-ақ жүйелі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, құқықтық олқылықтар және сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын факторлар анықталған жоқ.

«Жастар» Сарайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және ішкі бақылау тетіктері жалпы тиімді деңгейде ұйымдастырылған.

8. Жария талқылау қорытындысы

Ішкі талдау нәтижелері 2026 жылғы 24–27 тамыз аралығында жария талқылауға шығарылды. Ішкі талдау жүргізу туралы ақпарат «Жастар» Сарайының ресми интернет-ресурсында алдын ала орналастырылды. Жария талқылау барысында жеке және заңды тұлғалардан ұсыныстар, ескертулер немесе пікірлер келіп түскен жоқ. Жария талқылау қорытындысы бойынша ішкі талдау нәтижелері мақұлданды.

9. Ұсынымдар

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс бақылауды тұрақты негізде жалғастыру.
2. Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмыстарды жалғастыру.
3. Мүдделер қақтығысын болдырмау бойынша мониторингті тұрақты жүргізу.
4. Мемлекеттік сатып алу процестерінің ашықтығын тұрақты бақылауда ұстау.
5. «Жастар» Сарайы қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық жұмысты жалғастыру.